

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Теология факультеті
Философия кафедрасы

БЕКІТЕМІН

Кафедра меңгерушісі

С.Шылмамбетов

«25» 12 2025ж

«Философия» кафедрасының
2025-2026 оқу жылында атқарылған
Тәрбие жұмыстарының жарты жылдық ЕСЕБІ

1. Тәрбие жұмыстарының ұйымдастырылуы

2025-2026 оқу жылына «Философия» кафедрасының тәрбие жөніндегі жұмыс жоспары мен тәрбие сағаттарының тақырыптары алдын-ала сарапқа салынып, талқыланып қарастырылды. Топ эдвайзерлері 2025-2026 оқу жылында жоспарланған тәрбие жұмыстары бойынша өз тобымен тәрбие сағаттар, тәрбиелік іс-шаралар, сұхбаттар мен кездесулер өткізіп, олардың хаттамаларын жасап отырды. Топ студенттерінің тәрбиесі мен тәртібін көтеру т.б. сол сияқты қазіргі таңдағы өзекті болған мәселелер бойынша іс-шаралар ұйымдастырылды. Топ тәлімгерлерінің тәрбие жұмыстары тәрбие жоспарына сай, деканат келісімімен бекітілді.

Топ тәлімгерлері өткізген тәрбие сағаттарында студенттерді жалпы университет ережелерімен – университет регламентімен, кредиттік оқыту жүйесінің ерекшеліктерімен, GPA-балл және де рейтингтік бағалау жүйесінің ерекшеліктерімен – таныстыру, топтың ішкі ұйымдастыру мәселелері, тәрбие жоспары, философия мамандығы және басқа да пәндермен таныстыру тақырыптары қамтылды.

2. Тәрбие сағаттары

- 04.09.2025 ж. «Философия» кафедрасының топ тәлімгерлері Жаныкулов Н, Тулеев М, Досалиев Т, Жаркинбаева Д. және Ақназаров Р. тәлімгерлік мәжілістің күн тәртібіндегі мәселелерді топ студенттерімен таныстырды. Тәлімгерлік мәжілістің қатысушылары күн тәртібіндегі мәселелерге ешқандай қосып алары жоқ екендігін танытты. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша, топ тәлімгерлері студенттерге биылғы 2025-2026 оқу жылындағы топқа арналған тәрбие жоспарымен таныстырып өтті. Сондай-ақ топ студенттерінің әлеуметтік жағдайларымен танысып, университет тарапынан қандай да бір көмек болып жатса елеусіз қалдырмайтынын айтып өтті. Топ тәлімгерлері сұхбат барысында топ студенттері арасында жатақханада жататын студенттердің жағдайымен таныса келе оларға жатақхана ережесін қатаң сақтап жүру керектігін ескертіп өтті.

- 09.09.2025 ж. күні «Философия» кафедрасының топ тәлімгерлері Жаныкулов Н, Тулеев М, Досалиев Т, Жаркинбаева Д. және Ақназаров Р. топ студенттерімен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауын талқылауға арналған тәрбие сағатын өткізді.

Іс-шараның негізгі мақсаты — студент жастарды еліміздің әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени дамуына бағытталған стратегиялық міндеттермен таныстыру, елдік сана мен азаматтық белсенділікті арттыру болды.

Тәлімгерлер Жолдаудың мазмұнына кеңінен тоқталып, оның басты бағыттарын түсіндірді. Атап айтқанда:

- жаңа экономикалық саясат пен ұлттық табысты әділ бөлу;
- білім беру жүйесін реформалау және ғылымға қолдау;
- жастарды жұмысқа орналастыру және кәсіпкерлік бастамаларға жағдай жасау;
- мемлекеттік басқаруды жаңғырту мен цифрландыру;
- ұлттық бірлік пен қоғамдық келісімді нығайту.

Студенттер Жолдау мазмұнын талдау барысында өз көзқарастарын ортаға салып, сұрақтар қойып, белсенділік танытты. Әсіресе, білім мен жастар саясатына қатысты мәселелерге ерекше қызығушылық байқалды. Кейбір студенттер Жолдауда айтылған мәселелер бойынша шағын пікірлер білдіріп, ұсыныстарын айтты. Тәрбие сағатының соңында Президент Жолдауынан үзінділер оқылып, «Жолдауда көтерілген қандай бастамалар сіз үшін маңызды?» тақырыбында шағын пікірталас ұйымдастырылды.

-30.09.2025ж. Топ тәлімгерлері Жаныкулов Н, Тулеев М, Досалиев Т, өз тобындағы жатақханада жататын студенттердің жағдайымен танысып қайтты. Топ тәлімгері олармен ашық сөйлесіп, қандайда бір жағдай болғанда немесе көмек қажет кезде әрқашан көмекке әзір екендігін жеткізді. Сондай-ақ студенттерге жатақхана ішіндегі тазалық, тәрбие және

тәртіп мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, оларға жатақхана ережелерін қатаң түрде сақтау керектігін ескертті.

-16.10.2025ж. Топ тәлімгерлері Жаныкулов Н, Тулеев М, Досалиев Т, Жаркинбаева Д. және Ақназаров Р. топ студенттерімен кездесіп, күн тәртібі бойынша олардың сабақ үлгерімі және І-Аралық бақылауға дайындықтары турасында сөйлесті. Алған апталық бағаларының І-Аралық бақылауға қалай әсер ететіндігі жайында ескертулер айтылды. Одан әрі жоспар бойынша студенттердің студенттік ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысу мәселесі талқыланды.

-17.10.2025ж. топ тәлімгерлері Жаныкулов Н.О. және Досалиев Т. жетекшілігімен ТФД-311, ТФД-411 топ студенттері Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне зиярат жасап, ғалымның “Кемел адам” концепциясы негізінде тағылымды тәрбие сағатын өткізді. Ұлы ұстаз Ясауидің мәңгілік мекеніне тағзым етіп, рухани тыныштық тапқан бұл сапар – жастардың жүрегіне терең ой, жан дүниесіне жарық сәуле сыйлады. Іс-шара барысында жетекшілер “Кемел адам” ілімінің мәнін кеңінен түсіндіріп, Ясауи хикметтеріндегі рухани жетілу жолдарын баян етті. Жастар өз ойларымен еркін бөлісіп, “Кемел адам дегеніміз кім?” деген сұрақ аясында танымдық пікірлерін ортаға салды.

Табиғат аясында жалғасқан басқосуда “ізгілік”, “жауапкершілік”, “руханият”, “адамдық борыш” туралы әңгімелер қозғалды. Жастар үшін бұл сапар тек тарихпен жүздесу ғана емес, өз болмысын танып, рухани жаңғыруға бастайтын тағылымды сабақ болды. Мұндай тағылымды шаралар жастарды ұлттық құндылықтарды құрметтеуге, өткеннен өнеге алуға және адамгершілік пен парасаттылық жолын таңдауға бағыттайды. Шара барысында білім алушылар тек рухани ой түйіп қана қоймай, ұлы тұлға Ясауидің мұрасынан заманауи өмірге де қажет тұғырлы тұжырымдарды өздеріне сіңіре білді.

Олардың бойындағы патриоттық сезім мен тарихи жауапкершілік одан әрі нығайып, болашаққа деген сенімдері арта түсті. Топ тәлімгерлері студенттермен бірге оқу процесі және студенттердің сабақ үлгеріміне байланысты мәселелерді талқылады. Тәлімгерлер әр студентпен жеке-жеке сөйлесіп, сабақтан себепсіз қалмау және әр сабаққа белсенділік таныту керектігі жайында қатаң ескертулер жасады. Сонымен қатар тәлімгерлері топ студенттерінен 1- блокқа дайындығын сұрап, блок ережелерімен таныстырып өтті.

- 04.11.2025 ж. Топ тәлімгерлері Досалиев Т. Және ТФД-411 топ студенттерімен «Жастар арасындағы буллинг және кибербуллингің алдын-алу» тақырыбы бойынша сұхбат өткізілді. Философия мен діннің арақатынасын түсіну студенттердің дүниетанымын кеңейту үшін маңызды болды. Бұл шара студенттерге философия мен діннің өзара байланысы, олардың қоғам мен адамның өміріндегі орны жайлы түсінік берді. Сұхбат барысында философия мен діннің ұқсастықтары мен айырмашылықтары, олардың адамзаттың рухани дамуына әсері талқыланды.

- 11.11.2025 ж. Топ тәлімгерлері Жаныкулов Н, Тулеев М, Досалиев Т., және топ білімгерлері «Заң және тәртіп – тұрақты қоғам негізі» тақырыбында тағылымды тәрбие сағатын өткізді. Іс-шараның негізгі мақсаты — білімгерлердің құқықтық мәдениетін қалыптастыру, заңға деген құрметті арттыру және қоғамдық тәртіптің маңызын ұғындыру болды. Топ жетекшілері тәрбие сағатын ашып, кіріспе сөзінде заң мен тәртіптің қоғамдағы тұрақтылықты қамтамасыз етудегі рөліне тоқталып, жастардың құқықтық сауаты – ел болашағының кепілі екенін атап өтті. Іс-шара одан ары топ білімгерлері Балта Аяжан мен Құлбек Еңсұлудың мазмұнды баяндамасымен жалғасын тапты. Баяндамада төмендегідей мәселелер көтерілді:

- Жеке тұлғаның құқықтық мәдениеті қандай болуы керек?
- Заң бұзушылықтың алдын алу жолдары қандай?
- Жастар арасындағы тәртіп пен жауапкершіліктің рөлі.
- Әлеуметтік желілердегі құқықтық сауаттылық.

Іс-шара пікір алмасу, сұрақ-жауап форматында жалғасты. Одан ары Бегділла Алпамыс сөз алып, өз баяндамасында «Тәртіп пен заң қатар жүргенде ғана әділетті, қауіпсіз әрі тұрақты қоғам қалыптасады. Біздің басты міндетіміз – соған үлес қосу» – деп атап өтті.

Шара соңында студенттер тақырып төңірегінде нақты өмірлік мысалдар келтіріп, өз ой-пікірлерін еркін түрде ортаға салды. Ашық диалог форматында өткен кездесу барысында білім алушылар бір-бірінің көзқарасын құрметтей отырып, пікір алмасу мәдениеті мен тәртіпке негізделген өзара сыйластықтың үлгісін көрсетті.

Тәрбие сағаты жоғары деңгейде өтті. Білімгерлер заң мен тәртіпке қатысты көзқарастарын нақтылап, азаматтық ұстанымдарын білдірді. Мұндай шаралар құқықтық сананы қалыптастыруда, тұлғалық кемелденуге бағытталған маңызды қадам болып табылады.

- 12.11.2025ж күні топ тәлімгері Жаныкулов Н.О. жетекшілігімен ТФД-311 топ білімгерлері арасында «Отбасы тәрбиесі – жат діни ағымдардан сақтанудың негізі» тақырыбында тағылымдық тәрбие сағаты өткізілді. Іс-шараның мақсаты – жастардың діни сауаттылығын арттыру, отбасының рухани-адамгершілік тәрбиесіндегі және теріс діни ағымдардан қорғаудағы маңызын ұғындыру. Кіріспе сөз сөйлеген топ жетекшісі Жаныкулов Н.О. отбасы институтының қоғамдағы орны мен оның діни экстремизмге қарсы тұрудағы тәрбиелік ықпалына тоқталды. Ол жас ұрпақтың дүниетанымының дұрыс қалыптасуы ең алдымен ата-ана тәрбиесінен басталатынын атап өтті.

Баяндама жасаған білімгер Тұрсынбек Аружан өз сөзінде отбасы құндылықтары мен діни сананың өзара байланысын ғылыми және тәрбиелік тұрғыда талдады. Баяндамада келесі мәселелер қамтылды:

- Отбасы тәрбиесінің діни сенім мен дүниетанымның қалыптасуына әсері;
- Жастарды жат ағымдардан сақтандырудағы ата-ананың жауапкершілігі;
- Медиа және әлеуметтік желілердің ықпалын реттеу жолдары;
- Рухани қауіпсіздік пен ұлттық сана ұғымдары.

Іс-шара барысында студенттер пікір алмасып, тақырып бойынша өз көзқарастарын ортаға салды. Әсіресе дін мен дәстүр сабақтастығы, отбасындағы рухани тәрбие мен адамгершілік ұстанымдар жайлы маңызды ойлар айтылды.

Топ тәлімгері студенттердің белсенділігін ерекше атап өтіп, олардың дін мен тәрбие мәселесіне қызығушылығының артып келе жатқанын жеткізді.

- 15.11.2025 ж. Топ тәлімгерлері Жаныкулов Н, Тулеев М, Досалиев Т, Жаркинбаева Д. және Ақназаров Р. студенттердің сабаққа қатысуы мен сабақ үлгерімін және II-блокқа дайындығын талқылады. Топ әдвайзерлері алдағы уақытта II-блоктың жақындап келе жатқанын, студенттердің сабаққа түгел қатысуы керек екендігін ескертті.

- 17.11.2025ж. топ тәлімгері Досалиев Т. және ТФД-411 топ студенттерінің ұйымдастыруымен университетіміздің белгілі философы, ғалым Досай Кенжетаймен «Адам. Қоғам. Руханият» тақырыбында еркін сұхбат алаңында терең ойға толы керемет кездесу өткізді. Сұхбат барысында адам болмысы, рухани ізденіс, қоғамдық сана, жауапкершілік және қазіргі жастың бағыт-бағдары жайлы мәнді пікірлер айтылды. Әркім өзіне қажетті ой алып, жаңа көзқарас қалыптастырды. Жылы атмосфера, ашық әңгіме және рухани мазмұн жастарға ерекше серпін берді. Бұл іс-шара жеке дамуға, ой еркіндігіне және руханиятқа бағытталған маңызды қадам болды.

- 25.11.2024 ж. Топ тәлімгерлері Жаныкулов Н, Тулеев М, Досалиев Т, Жаркинбаева Д. және Ақназаров Р. топ студенттерімен «Жастар арасында салауатты өмір салтын ұстану» тақырыбында сұхбат өткізді. Сұхбат барысында тәлімгерлер «салауатты өмір салты дегеніміз не?», «Жастардың өмір сүру сапасын арттыру үшін не істеу қажет?», «Салауатты өмір салтын ұстану үшін жастарға қандай кеңестер берілуі керек?» сынды сұрақтарға жауап беріп, тақырыпқа қатысты өз пікірін ортаға салды. Жастардың денсаулығына әсер ететін негізгі факторлар: дұрыс тамақтану, дұрыс ұйықтау, физикалық белсенділік және темекі, алкоголь және есірткі секілді зияны заттардан аулақ болу. Сондай-ақ, жастардың өмір сүру салты мен күнделікті әдеттерінің денсаулыққа ықпалы талқыланды. Сұхбат барысында студенттер денсаулық сақтау мәселелерін терең түсінуге мүмкіндік алғанын атап өтті. Қатысушылар салауатты өмір салтының тек жеке адамға ғана емес, жалпы қоғамға да оң әсер ететінін айтты. Сұхбат барысында осы мәселелер – әр уақытты тиімді пайдалану, күн

тәртібін дұрыс ұйымдастыру, дұрыс тамактанып, ұйқы режимін реттеу, тіл үйрену, ғылым меңгеру, дене тәрбиесі және спортпен айналысу, мүмкіндік болған жағдайда табиғатқа (тауға) шығып, табиғатпен гармония орнату т.с. – көтерілді. Сұхбат нәтижесінде салауатты өмір салтын ұстанудың жастар үшін қаншалықты маңызды екендігіне баса назар аударылды. Білімгерлердің сұрақтары мен пікірлері осы тақырыптың өзектілігін көрсетіп, жастар арасында денсаулық сақтау мәселесіне қатысты жаңа көзқарастар қалыптастыруға ықпал етті.

- 28.11.2024ж. Топ тәлімгерлері топ студенттерімен студенттік ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысуы мәселесін талқылады. Топ эдвайзерлері ғылыми конференцияға қатысатын студенттердің дайындығын тексеріп, жіті қадағалап отырды.

- 08.12.2025ж күні топ тәлімгері Жаныкулов Н.О. жетекшілігімен ТФД–311 топ білімгерлерінің қатысуымен «Азаттық таңы — ұлт болашағының бастауы» атты тағылымдық ашық сабақ өткізілді. Іс-шараның мақсаты – жастардың ұлттық санасын, тарихи жадын, отаншылдық рухын арттыру, тәуелсіздіктің адамзаттық және өркениеттік маңызын ұғындыру болды. Кіріспе сөз сөйлеген топ жетекшісі Жаныкулов Н.О. қазақ халқының ғасырлар бойғы азаттық жолындағы күресі, тәуелсіздікке жетудің тарихи алғышарттары және қазіргі ұрпақтың ұлттық жауапкершілігі туралы тоқталып өтті. Ол тәуелсіздіктің тек саяси құндылық емес, рухани феномен екенін айтып, жастарды ел болашағына бейжай қарамауға шақырды.

Одан кейін студенттердің баяндамалары тыңдалды: Баяндамашы: А. Тұрсынбек, өз сөзінде ол тәуелсіздіктің қалыптасу кезеңдерін, Қазақ хандығынан бастап Алаш қозғалысына дейінгі тарихи сабақтастықты атап өтті. Сондай-ақ азаттық идеясының ұлт рухын қалыптастырудағы рөлін ғылыми негізде талдады. Одан әрі сөз жалғаған Б. Абитай, ұлттық болмыстың тәуелсіздікпен байланысын ашып, тәуелсіздік ұғымының философиялық мағынасына тоқталды. Ол ұлттық сананың жаңғыруы мен мемлекеттік рәміздердің идеологиялық маңызы туралы мазмұнды деректер келтірді. М. Кеңесбек және М. Баратбекова, жаһандану жағдайында ұлттық мүддені қорғау, рухани қауіпсіздік және жастардың ел дамуына қосатын үлесі мәселелерін қозғады. Ол тәуелсіздіктің мәдени-рухани салаларға әсерін саралап, әдебиет, өнер, білім саласындағы жаңғыру үрдістеріне тоқталды. Сонымен қатар, «ұлттық бірегейлік» ұғымын ашып, оның қоғамды біріктіруші рөлін көрсетті.

Іс-шара барысында студенттер белсенді пікір алмасып, ұлттық тарих, тәуелсіздік құндылығы, бүгінгі ұрпақтың рухани жауапкершілігі туралы ойларымен бөлісті. Тәлімгер Жаныкулов Н.О. білімгерлердің белсенді қатысқанын атап өтіп, олардың ұлттық сана мәселесіне ерекше қызығушылық танытып отырғанын айтты.

-12.12.2024ж. Топ тәлімгерлері Жаныкулов Н, Тулеев М, Досалиев Т., топ студенттерімен «16 желтоқсан –Тәуелсіздік күніне» орай кездесу өткізді. Сонымен қатар тәрбие сағатында тәуелсіздіктің қазақ халқы үшін маңыздылығы, қол жеткізген жетістіктер мен егемендікке бастар жолда кездескен кедергі-қиындықтар туралы сөз етілді. Сонымен қатар студенттердің аралық бақылау нәтижелерін талқыланып, емтихандарға дайындықтары қадағаланды.

3 Атқарылған тәрбиелік іс-шаралар

ТФД-311, ТФД-411, ТФД-511, ТПД-311, ТПД-511 топтары бойынша 2025-2026 оқу жылы басында бекітілген тәрбие жоспары негізінде және де жоспардан тыс та біршама тәрбиелік мәні зор жұмыстар атқарылды. Топ студенттері университет белсенділері қатарынан орын алып, студенттер арасында талқылау, талдау т.б. әртүрлі мәдени шаралар істеумен шұғылдануда. Топ тәлімгерлерінің бастамасымен тәрбие жоспарына сай жалпы адамзаттық құндылықтардың маңыздылығын, ұлттық салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты түсіндіретін іс-шаралар болып өтті. Ұлттық салт-дәстүрлерді сақтау, тәрбиелі болу өмір талабына сай терең білімділікті талап ететіндігі студенттерге түсіндірілді.

4 Жатақханада жататын студенттермен жүргізілген жұмыстар.

Топ тәлімгерлері Н.Жаныкулов, М.Тулеев, Т.Досалиев., 25.10.2025ж. және 02.01.2026ж. күндері топтағы жатақханада жататын студенттердің жағдайымен танысып қайтты. Жатақханада тұратын студенттердің тарапынан ешқандай тәртіпсіздік пен бұзақылықтар болмады. Студенттердің тәртібі қадағаланды. Сондай-ақ студенттермен жатақхана тәртібін қадағалау, жатақхана ішінде тыныштық пен тазалық ережелерін сақтау, жатақхана қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоғамдық мәдени іс-шараларға өз үлестерін қосу мәселелері қарастырылды.

Қорытындылап айтатын болсақ, 2025 -2025 оқу жылының тәрбие жұмысы жоспарының орындалуы студенттердің білім алу мен жеке дамуына үлкен әсер етті. Әрбір өткізілген іс-шара студенттердің тек оқу үлгерімін ғана емес, олардың азаматтық, әлеуметтік және мәдени тұрғыда дамуына да ықпал етті. Жоспар бойынша ұйымдастырылған шаралар студенттерге түрлі тақырыптар бойынша білім алуға, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге, тұлғалық қасиеттерін дамытуға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, өткізілген іс-шаралар студенттердің өзара қарым-қатынасын нығайтуға, салауатты өмір салтын ұстануға және қоғамдағы толеранттылықты жоғары бағалауға ықпал етті.

Кафедраның тәрбие жұмыстарына
жауапты ОПҚ



Н.О.Жаныкулов

Топ тәлімгері Жаныкулов Н және ТФД-311 топ студенттерінің фото есебі






**Кемел
адам-**



**нұрлы
жүрек
шесі.**





Топ тәлімгері Досалиев Т және ТФД-411 топ студенттерінің фото есебі





Топ тәлімгері Тулеев М және ТФД-511 топ студенттерінің фото есебі



